

## Махамбет ауылының Жаңа ауыл мөлтек ауданының жаңа көшесіне Қорқыт Байзақовтың есімін беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 151 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 қарашада № 3336 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, 37 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 19 тамыздағы қортындысы негізінде, Махамбет ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Махамбет ауылының Жаңа ауыл мөлтек ауданының жаңа көшесіне Қорқыт Байзақовтың есімі берілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Р.Әженов*